



22294263369

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 14 наурыз

№1ам/188

Түркістан қаласы

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Н.Ешпановтың төрағалық етуімен, хатшылықта М.Сейілхановтың отыруында, прокурор М.Смаиловтың, адвокат Г.Саржановтың қатысуларымен өзінің жабық сот отырысында, Мақтаарал аудандық сотының 2025 жылғы 7 наурыздағы күдікті [REDACTED] қатысты қаулысына адвокат Г.Саржановтың жекеше шағымы бойынша келіп түскен іс-құжаттарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Мақтаарал аудандық сотының 2025 жылғы 7 наурыздағы қаулысымен Мақтаарал аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Д.Жақсылықтың күдікті [REDACTED] қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды санкциялау туралы өтінішхаты қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚК) 174-бабының 2-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған деп күдіктелген [REDACTED] бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстауды 2025 жылы 28 сәуір 23 сағат 05 минутқа дейін 2 (екі) ай мерзімге санкция берілген.

Қаулыға адвокат Г.Саржанов жекеше шағым келтіріп, онда күдікті Е.Абиловқа келтірілген қылмысы бойынша дәлелдер сотқа ұсынылмағанын, күдіктінің отбасылы, тұрғылықты мекенжайы барын, бұрын сотты болмағанын көрсетіп, қаулының күшін жойып, күдікті Е.Абиловқа қамаумен байланысты емес бұлтартпау шарасын қолдануды сұраған.

Сот алқасы, адвокат Г.Саржановтың жекеше шағымды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұраған сөзін, прокурор М.Смаиловтың жекеше шағымды қанағаттандырусыз, қаулыны өзгеріссіз қалдыру туралы қорытындысын тыңдап, материал құжаттары мен жекеше шағым уәждерін талқылап, төмендегі тұжырымға келеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен күдікті Е [REDACTED] 01.07.2024 - 01.01.2025 жылдар аралығында өзінің танысы Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Қазақстан көшесі №11Б үй тұрғыны 23.06.1991 ж.т. [REDACTED] бірге алдын ала сөз байласып құрамында 40 адам бар «Ватсап» әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» тобында өздері ұстанатын теріс бағыттағы дінді насихаттау үшін заңмен тыйым салынған «ДильмуратАбу-Мухаммад» және «Назратуллах Абу-Мариям»-

Құжатқа қол қойылған: Ешпанов Н. А., 18.03.2025



5199-25-2-4/193



дардың уағыздарын бірнешерет тарату арқылы діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған деп күдіктелген.

Соңғының іс-әрекеті ҚК-нің 174-бабының 2-бөлігімен сараланған.

ҚПК-нің 147-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады.

ҚПК-нің 148-бабы 9-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, сот күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулы шығарған кезде күдікті, айыпталушы сот ісін жүргізуге кедергі жасайды немесе тергеуден және соттан жасырынады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, кепіл белгіленбейді.

Тергеу судьясы, күдікті Е [REDACTED] күдік келтірген баптың ауырлығын, оған тағылған айыптаудың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, күдіктінің жеке бас деректерін, бостандықта жүріп тергеу мен соттан жасырынуы және басқа да қылмыстық әрекеттерді жалғастыруы, сондай-ақ тергеуге кедергі жасауы мүмкін екендігін ескеріп, тергеушінің өтінішхатын дұрыс қанағаттандырған.

Қорғау тарапының жекеше шағымында көрсетілген уәждері күдіктіге ұйқамақ немесе бас бостандығынан айырмайтын бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болып табылмайды.

Зерттелген мән-жайлардың жиынтығында сот алқасы, заңмен белгіленген әділеттілік пен ізгілік қағидаттарына сүйене отырып, бірінші саты сотының қаулысы заңды және негізді шығарылған – деп санап, оны өзгеріссіз, жекеше шағымды қанағаттандырусыз қалдырғанды жөн – деп табады.

ҚПК-нің 107-бабы 7-бөлігінің 1) тармағын және 416-бабының 1-бөлігін басшылыққа алып, сот алқасы,-

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Мақтаарал аудандық сотының 2025 жылғы 7 наурыздағы күдікті [REDACTED] қатысты қаулысы өзгеріссіз, адвокат Г.Саржановтың жекеше шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді және түпкілікті болып саналады, шағымдануға немесе наразылық келтіруге жатпайды.



Төрағалық етуші судья:

Н. Ешпанов



Құжатқа қол қойылған: Ешпанов Н. А., 18.03.2025



5199-25-2-4/193